

**«Айналайын» бөбекжай-бақшасы» МҚҚК
еңбегіне ақы төлеу және ынталандыру туралы
ЕРЕЖЕ**

«КЕЛІСІЛДІ»

Кәсіподақ төрдімімің Ж.Д.Именова
2013 ж. «13» наурызда
№

«БЕКІТЕМІН»

«Айналайын» балабақшасы» КМҚҚ менгерушісі
С.Ж.Жангали
«01» наурызда 2023 ж.

**«Айналайын» бөбекжай-бақшасы» МКҚҚ
еңбегіне ақы төлеу және ынталандыру туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. 290 балаға есептелген «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚҚ жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеу және еңбегін ынталандыру туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) ҚР-ның Еңбек кодексі; ҚР-ның 27.07.2007 ж. № 319-III «Білім туралы» Заны; ҚР Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығымен бекітілген «Жұмыскерлердің орташа еңбекақысын есептеудің бірынғай ережесі»; «ҚР Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығымен бекітілген Жұмыскерлердің орташа еңбекақысын есептеудің бірынғай ережесін қолдану туралы әдістемелік кеңестердің», сонымен қатар жоғарыда аталған нормативтік актілерге енгізілген өзгертулер мен толықтырулар негізінде әзірленген әрі Жұмыскерлер туралы ереженің ажырамас бөлігі болып табылады және үйімда қолданылатын еңбекақы төлеу және оны материалдық ынталандыру тәртібін реттейді.

1.1. 290 балаға есептелген «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚҚ жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеу және еңбегін ынталандыру туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) ҚР-ның Еңбек кодексі; ҚР-ның 27.07.2007 ж. № 319-III «Білім туралы» Заны; ҚР Үкіметінің 31.12.2015 ж. № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйімдардың қызметкерлеріне, қазыналық қасіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы; ҚР Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығымен бекітілген «Жұмыскерлердің орташа еңбекақысын есептеудің бірынғай ережесі»; «ҚР Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығымен бекітілген «Жұмыскерлердің орташа еңбекақысын есептеудің бірынғай ережесін қолдану туралы әдістемелік кеңестердің», сонымен қатар жоғарыда аталған нормативтік актілерге енгізілген өзгертулер мен толықтырулар негізінде әзірленген әрі Жұмыскерлер туралы ереженің ажырамас бөлігі болып табылады және үйімда қолданылатын еңбекақы төлеу және оны материалдық ынталандыру тәртібін реттейді.

1.2. Жұмыс беруші (балабақшаның әкімшілігі) жұмыскерлердің еңбегіне саны мен сапасына, сондай-ақ орындалатын жұмыстың құрделілігіне сәйкес қолданыстағы заннамага, еңбек шартына (бұдан әрі – ЕШ), жұмыскерлер туралы ережеге сай ақы төлеуге міндетті. Еңбек қызметінің түрі мен сипатына қарай жеке және (немесе) ұжымдық еңбек нәтижелері үшін ақы төленуі мүмкін.

ЕШ-да міндетті түрде еңбекақы төлеу шарттары көрсетілуі тиіс.

1.3. 290 балаға есептелген «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚҚ жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеу осы мәселені реттейтін нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады. Бұл орайда еңбекақы мөлшерін жұмыс беруші белгілейді және ол заң актісінде белгіленген ең кіші еңбекақы мөлшерінен төмен болмауы тиіс.

1.4. 290 балаға есептелген «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚҚ жұмыскерлерінің штаттық саны Білім беру үйімдары жұмыскерлерінің типтік штаттарына, ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық жұмыскерлер тізбесіне сәйкес және үйімның мектепке дейінгі білім беру қызметін тиімді көрсету мүктаждықтарына байланысты есептеледі. Штат кестесін бірінші басшы бекітеді, онда осы үйім қызметшілерінің барлық лауазымдары (жұмысшыларының барлық кәсіптері) кіреді. Штат кестесіне кіретін лауазымдар үйімның жарғылық мақсаттарына әрі Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірынғай тарифтік-біліктілік анықтамалығындағы және Басшылар, мамандар және қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығындағы кәсіптер мен лауазымдар атауларына сәйкес келуі тиіс.

1.5. Көрсетілетін қызметтер көлемін уақытша кеңейтуге байланысты жұмыстарды орындау үшін үйім штат кестесінде көзделген лауазымдарды (кәсіптерді) атқаратын жұмыскерлерден

бөлек мерзімді енбек шарты ережелері бойынша орындалған жұмыс ақысын негізгі және табыс әкелетін басқа да қызметтен түсетін қаражат есебінен төлей отырып өзге жұмыскерлерді тартуды жүзеге асыруға құқылы.

1.6. Ұйым жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеу қоры негізгі және табыс әкелетін басқа да қызметтенн түсетін қаражат көлеміне сүйеніп, құнтізбе жылына қалыптастырылады.

1.6. «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚҚ Ұйым жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу қоры негізгі қызметті қаржыландыру жоспарында көзделген қаражат көлеміне және табыс әкелетін басқа қызметтенн түсетін табысқа қарай құнтізбе жылына қалыптастырылады.

1.7. Айналайын» бөбекжай-бақшасы» МКҚҚ жұмыскерлері төмендегідей жіктеледі:

• **Әкімшілік-басқарушы жұмыскерлер:**

- менгеруші;
- бухгалтер;
- іс жүргізуши хатшы;

• **Өндірістік жұмыскерлер** (білім беру үдерісін тікелей жүзеге асыратын педагогикалық жұмыскерлер және оқу-қосалқы жұмыскерлер):

- тәрбиешілер;
- тәрбиешілердің көмекшілері;
- әдіске;
- музикалық жетекші;
- пәндер бойынша оқытушылар (қазақ және шет тілдері, дене шынықтыру т.с.с.)
- медициналық жұмыскер;
- психолог;
- логопед.

• **Қосалқы жұмыскерлер:**

- шаруашылық менгерушісі;
- койма менгерушісі;
- аға аспаз;
- аспаз;
- емдәм бикесі;
- аспаз көмекшісі;
- қосалқы асхана жұмысшысы;
- қызметтік жайларды жинаушы;
- кір жуғыш машиналар мен үтіктеу құрылғыларының операторы;
- электрик;
- сантехник;
- ғимараттар мен құрылыштарға қызмет көрсету және жөніндегі жұмысшы;

2. Енбекақы төлеу нысандары мен жүйелері

2.1. Ұйым жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу қоры (бұдан әрі – ЕТҚ) негізгі және ынталандыру бөліктерінен, сондай-ақ өтемдік сипаттағы төлемдерден құралады.

Ұйым жұмыскерлерінің ЕТҚ негізгі бөлігіне әкімшілік-басқару, өндірістік және қосалқы жұмыскерлерінің лауазымдық жалақылары мен тарифтік (сағаттық мөлшерлемелер) бойынша есептелген ЕТҚ кіреді.

ЕТҚ ынталандыру бөлігіне қызмет нәтижелері бойынша төленетін сыйлықтық қосымша ақылар сомасы, біржолғы сыйақылық төлемдер және жұмыскерге заттай өлшеммен берілетін активтердің құны, сондай-ақ есептелуі (берілуі немесе табыс етілуі) енбек нәтижелері үшін көтермелу ретінде жүзеге асырылған көрсетілген қызметтердің құны (немесе үшінші тұлғалар көрсеткен қызметтің ақысын төлеу) кіреді.

Өтемдік сипаттағы төлемдер ҚР колданыстағы енбек заңнамасына сәйкес есептеледі.

2.2. Штат кестесінде Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚҚ штаттық бірліктерінің саны бекітіледі. Жұмыскердің лауазымдық жалақысы ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлерінен, казыналық кәсіпорындардың қызметкерлерінен еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына сәйкес үәкілдегі орган жыл сайын бекітетін негізгі лауазымдық жалақы мөлшеріне, жұмыскердің біліктілігі мен жұмыс өтіліне сүйеніп белгіленеді. Ауыр (аса ауыр) жұмыстарда, енбек жағдайы зиянды (аса зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) жұмыстарда істейтін

жұмыскерлердің лауазымдық жалақысында келесі ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаржаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына сәйкес қосымша ақылар қамтылады.

2.3. Лауазымдық жалақы мемлекет бекіткен ең кіші еңбекақы мөлшерінен төмен болмауы тиіс. Ең кіші еңбекақы мөлшері дегеніміз – толық ай ішіндегі жұмыс үшін (жұмыс уақыты тенгерімі бойынша) төленетін еңбекақының мемлекет кепілдік берген ең кіші деңгейі.

2.4. Қолданыстағы заңнамаға және жұмыс сипатына сәйкес Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚК жекелеген лауазымдар үшін жұмыс уақытының келесі тәртіптері белгіленеді:

Лауазымдардың атауы	Еңбек тәртібі (бір апта ішіндегі жұмыс уақытының нормативтік үзақтығы, сағатпен есептеледі)	Ескертулер
ӘБЖ, шаруашылық менгерушісі, койма менгерушісі, қызметтік жайларды жинаушы	40 сағаттық 5 күндік жұмыс аптасы	ҚР Еңбек кодексінің 68-бабы
Медицина қызметкері, емдәм бикесі, тәрбиешінің көмекшісі	40 сағаттық 5 күндік жұмыс аптасы	ҚР Еңбек кодексінің 68-бабы
Әдіскер, психолог, тәрбиеші, қазак және шет тілі оқытушылары, дene шынықтыру оқытушысы	24 сағаттық 5 күндік жұмыс аптасы	ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 8-б. З-т.
Аға аспаз, аспаз, қосалқы асхана жұмысшысы	40 сағаттық 5 күндік жұмыс аптасы	Жұмыс уақытының сомалық есепке алынуы, ауысымды кестемен жұмыс істей

2.5. Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚК жұмыскерлердің барлық санаттары үшін лауазымдық жалақы бойынша мерзімдік еңбекақы жүйесі белгіленеді.

2.6. Жұмыскер өз калауымен негізгі жұмыстан бос кезінде бос орынды қоса атқарған жағдайда қызметті қоса атқаруши жұмыскермен бөлек еңбек шарты жасалып, онда жұмыскердің ішкі қоса атқаруши болып табылатыны міндетті түрде атап көрсетіледі. Жұмыскер қоса атқарып жүрген қызметінде жұмыс істеген сағаттары жұмыс уақытынан тыс уақыт болып табылмайды, сондықтан оның ақысы ол міндеттерді басқа адам орындағандағыдай төленеді. ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоса атқарылатын қызмет бойынша еңбек демалысын беру негізгі жұмыс орнындағымен бір кезеңде беріледі.

2.7. Еңбек тәртібі қалыпты тәртіптен ауытқыған жағдайда ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес қосымша ақы төлеу жүргізіледі:

– мерзімінен тыс жұмыс үшін – еңбекке уақыт бойынша ақы төлеу кезінде үстеме уақыттағы жұмысқа еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) тарифтік мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде ақы төленеді. Еңбекке кесімді ақы төлеу кезінде үстеме уақыттағы жұмысқа қосымша ақы төлеу жұмыскердің белгіленген күндік (сағаттық) мөлшерлемесінің елу пайзынан төмен болмайтын мөлшерде жүргізіледі;

– ауысымды жұмыс кестесі негізінде демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс үшін – мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде жүргізіледі;

3. Сыйақы төлеу және еңбекті өзге жолмен ынталандыру жүйесі

3.1. Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚК жұмыскерлеріне сыйақы төлеу қолданыстағы тәртіпке сәйкес жекелеген ерекшеліктер бойынша қаржы үнемдеуден алынған қаржат есебінен және табыс өкелетін қызметтен алынған қаржат есебінен жүргізіледі.

3.2. Айналайын» бөбекжай-бақшасы» КМҚК сыйақы төлеу жүйесі төменде аталғандардан құралады:

– жұмыскерлерге ұйымның жылдық жұмысының қорытындысы бойынша сыйақы төлеу (13-ші енбекақы есептеу);

– орындалатын жұмыстардың сапасы үшін ағымдағы сыйақы төлеу;

– аса маңызды әрі жауапты тапсырмаларды орындағаны үшін біржолғы сыйақы төлеу.

3.3. «Айналайын» бебекжай-бақшасы» КМҚК Жұмыскерлерге ұйымның жылдық жұмысының қорытындысы бойынша сыйақы төлеу (13-ші енбекақыны есептеу) есептік жылдағы колданыстағы тәртіпке сәйкес ерекшеліктер бойынша қаржы үнемдеу есебінен және табыс беретін кызметтең алынған қаражат есебінен жүзеге асырылады. Сыйақы 13-ші енбекақыны есептеу туралы ережеге сай жүзеге асырылады.

Орташа енбекақыны есептеу кезінде бұл сыйақы 30.11.2015 ж. № 908 Жұмыскерлердің орташа енбекақысын есептеудің бірынғай қағидаларына сай 1/12 бөлігі ретінде есептеледі.

3.4. Орындалатын жұмыстардың сапасы үшін ағымдағы сыйақы төлеу мектепке дейінгі тәрбие беру кызметін жүзеге асыруға жұмсалатын ағымдағы шығыстар есебінен жүзеге асырылады. Сыйақы бір ай ішінде орындалған жұмыстың сапасына қатысты ескертулер болмағаны үшін төленеді.

Сыйақы мөлшері бірінші басшының бұйрығымен белгіленеді, ол негізгі лауазымдық жалақының 25 %-нан аспауы тиіс. (Ауыр және зиянды енбек жағдайлары үшін төленетін қосымша ақылар негізгі лауазымдық жалақы сомасына қосылады).

Орташа енбекақыны есептеу мақсаты үшін сыйақы біржолғы сыйақы төлеу болып саналады.

Бағалау өлшемі		Жұмыстағы көрсеткіштер тізбесі
Тәрбиеші		
Катысады		Семинарларға, педагогикалық кеңестерге, конкурстарға, байқауларға т. б. катысады
Мерзімінде және мерзімінен бірге орындалады. Әдіскер, медицина кызметкери, бухгалтер тарарапынан ескертулер жок		Ағымдағы құжаттаманың уақтылы әрі сапалы жүргізуі: – оқу жоспарлары; – балалардың келу табельдері; – қажетті журналдар мен ведомостардың толтырылуы
Есептік ай ішінде әзірленген материалдардың болуы		Дидактикалық және әдістемелік құралдар
Есептік кезең ішінде өткізуі		Ашық сабактар, шеберлік сыныптарын өткізу
Шағымдардың болмауы		Ата-аналар тарарапынан шағым
Борышкерлердің болмауы		Ата-аналардың есептік ай аяғындағы жағдай бойынша мектепке дейінгі тәрбие кызметінің көрсетілуі үшін ақы төлеу бойынша берешегі
Тәрбиешінің көмекшісі		
Ескертулердің болмауы		Жайлардың санитариялық ахуалы. Белгіленген тамақ нормаларын және балаларды тамақтандыруға арналған ыдысты ұстая ережелерін сақтауы
Катысады		Балалармен сабак өткізу кезінде тәрбие кызметін жүзеге асыруға белсенді түрде катысуы
Катысады		МДҰ қоғамдық жұмысына қатысуы

3.5. Аса маңызды және жауапты тапсырмаларды орындау үшін төленетін біржолғы сыйақылар жұмыскерлерге 1-ші басшының бұйрығы бойынша төленеді және есептік кезеңнің ағымдағы шығыстарына жатқызылады.

3.6. Қосымша сыйақы төлеу есептелетін есептік кезең ішінде енбек және өндірістік тәртіпті бұзушылық оның келесі мөлшерлерде кемуіне апарып соғады:

– «Айналайын» бебекжай-бақшасы» КМҚК қызметкерлерінің (еңбек және өндірістік тәртіпті бұзушылық үшін сыйақы толемдерін кеміту олиемдері тізімделеді).

3.7. Енбекті ынталандырудың бейматериалдық әдістері:

– топтар немесе ұйым жұмыскерлері арасында жарияланған жарыстардың женімпаздарын анықтапты вымпелдермен, құрмет грамоталарымен марапаттау. Әрбір іс-шара бірінші басшының

бүрілгенде тағайындалып, бүкіл ұжымның назарына жеткізіледі. Женімпаздар ұйым жұмыскерлерінің жалпы жиналыстарында жарияланады;

– есептік ай, тоқсан, жыл барысындағы жұмыс қорытындысы бойынша қызметкердің фотосуретін «Ұздік қызметкер» стендіне орналастыру. Аталым женімпазын анықтау барлық қызметкерлердің әрбір аталым бойынша жасырын дауыс беруі жолымен жүргізіледі. Женімпаз жай көшілік дауыспен анықталады. Дауыстар тең келген жағдайда ұйымның бірінші басшысы көрсеткен қызметкерге басымдық беріледі.

4. Еңбекақы төлеу кепілдіктері

4.1. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы күндеріне арналған төлемақыны, еңбекке жарнамасындағы парактары бойынша әлеуметтік жәрдемақыны, ҚР-ның колданыстағы еңбек заңнамасында көзделген өзге де өтемдік төлемақыларды есептеу үшін орташа еңбекақыны есептеу ҚР Үкіметінің 30.11.2015 ж. № 908 қаулысымен бекітілген «Жұмыскерлердің орташа еңбекақысын есептеудің бірынғай қағидаларына» және «ҚР Үкіметінің 30.11.2015 ж. № 908 қаулысымен бекітілген Жұмыскерлердің орташа еңбекақысын есептеудің бірынғай ережесін қолдану туралы айstemелік кеңестерге» сәйкес жүзеге асырылады.

4.3. Ұйым жұмыскерлеріне тиісті жалақы (мөлшерлеме) мөлшерінің уақтылы әрі дұрыс белгіленуі үшін жауапкершілік басшыға жүктеледі.